



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№24 (8059) 10. 06. 2023.
Сенбі / Суббота



Құрылыс нысандарын аралады

Әңір басшысы А.Абдинов аудан аймағында жүріп жатқан құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысып қайтты. Алдымен Ақжар ауылындағы 150 орындық мәдениет үйі мен Ақжар орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Мердігер компания құрылыс ойдағыдай жүріп жатқанын және уақытылы бітіремін деп уәде берді. Ізін суытпай А.Абдинов Лепсі ауылына ат басын бұрып, онда салынып жатқан дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылыс барысымен танысып қайтты. Жұмысы қайта жанданған кешеннің құрылысы жүріп жатыр. Ол жерде бас ғимараттан бөлек стадион және жатақхана қоса салынууда. Бұл облыс аумағындағы ең мықты кешендердің біріне айналды.

жөндеу жұмыстарын тексеріп, 60 пәтерлі үй құрылысын көріп қайтты. Сондай-ақ Бескөл ауылындағы 80 көрерменге арналған спорт кешенінің бітуге жақын қалғанын қарады. Содан кейін Ақши ауылына табан тіреген аудан әкімі А.Абдинов өрт сөндіру депосының және «Жалын» лагерінің құрылысымен танысты. Биыл қолданысқа берілетін «Жалын» лагері 100 балаға лайықталған. Мердігер компания бір айдан соң құрылыс жұмыстарын толық бітіреміз деп уәде берді. Ал өрт сөндіру депосының құрылысы енді-енді басталып жатыр. Айта кету керек, аудан әкімі Қамысқала ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт пен Достықтағы дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысып, мердігерлерге уақытылы аяқтау керек деп тапсырма берді.

А.ӘБИТҰЛЫ.

Қуғын-сүргін құрбандарын еске алды

31 мамыр – күнтізбемізге ресми өнген саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Саясаттың салқыны тиіп, күллі қазақтың қаймақтары, одан бөлек бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деп шырылдаған қарапайым халықты да бұған қосайық, мінберде тұрып аузы жыбырлаған сайқал саясаткерлердің кесірінен оқ құшқан азаматтарын еске алу парыз.



Осы күні Үшарал қаласында орналасқан Даңқ аллеясында 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Шарада тәуелсіздіктің тұғырын діндеген саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, бабалар рухына құран бағышталып, мәңгілік ерлік монументіне гүл шоқтары қойылды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов, ҰҚК Шекара басқармасы, бөлім-мекеме қызметкерлері және қала

тұрғындары мен БАҚ өкілдері қатысты. Жалпы Қазақстанда 103 мыңнан астам азамат қуғын-сүргінге ұшырап, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Ал ауданымыздан 200-ге жуық азамат қуғын-сүргінге ұшыраған. ЗұлаMAT жылдары ерлік көрсеткендердің ұрпақтары бүгінде біздің арамызда ақтаңдақтарды еске алып, тағзым етуде. Құрбан болған қайраткерлердің есімдерін мәңгі жадымызда сақтап, ақиқатына тереңірек мән беріп, ұғыну – болашақ ұрпақтың абыройлы міндеті екені анық.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Қазақ батырларымен кездесу

Алақөл даласында кезекті думан мен дүбір. Олай деуімізге өңірімізге Бауыржан Кеңесбекұлының шақыртуымен әлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген даңқты спортшыларымыздың келуін айта аламыз. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде аталған спортшылар мен жастар қауымының еркін форматтағы кездесуі өтті. Шараға күрзі жұдырықты боксшыларымыздан дүниежүзіне танымал Қанат Ислам, Айдос Ербосынұлы, Садррадин Ахмедов, Мейірім Нұрсұлтанов, Руслан Мирсатаев, Нұрсұлтан Аманжолов, жуырда ғана Ташкент төрінде өткен әлем чемпионатында топ жарған Нұрбек Оралбай, Санжар Ташкенбай мен қатысушы болған Айбек Оралбай, қазақстандық файтер, аралас жекпе жек шебері Қайрат Ахметов, Қытай атынан шығып жүрген қандасымыз, UFC жауынгері Ораз мырзалар қатысты. Бұдан бөлек қазақ күресінің тұғырын тік көтеріп жүрген белді балуандар да

құрметті қонақтар қатарында болды. Жиынның алғы сөзін алған Б.Оспанов спорттың адам өміріне әсері, салауатты өмір салтын ұстанудың артықшылықтары мен батыр спортшылардың жеткен жетістіктерін, сол жолдағы еңбегін тілге тиек етті. Спортшылар тарапынан Қ.Ислам, С.Ахмедов, С.Ташкенбай, Н.Оралбай, А.Оралбай сөз алып, жастарға пайымды пікірлерін, ақыл-парасаттарын айтып, кемел кеңестерін берді. Жастар жағынан да көптеген сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Шара барсында ауданның Құрметті азаматы Б.Сырбаев сөз алып, Ташкент-



тен оралған үш боксшыға бір-бір арғымақ көрсетіп отырғандары үшін алғысын жаудырып, халықтың рахметін жеткізді.

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Дүбірлі дода бастау алды



Дәл ҚР Мемлекеттік рәміздері күні қарсаңында өңірімізде дүбірлі дода бастау алды. Алматы облысы мен Алакөл ауданының Құрметті азаматы Кеңесбек ақсақалды еске алу құрметіне орай волейбол мен футболдан байрақты бәсе-

кеге жалауын желбіретіп, ауданға спорт саласының талай майталмандары арнайы мейман болып келді.

«Сымбат» стадионында футбол мен волейболдан аудандық турнирдің ашылу салтанаты өтті. Оған спортшылар, сарбаздар

мен өңір тұрғындары, республиканың түкпі-түкпірінен келген құрметті қонақтар қатысты.

Алғы сөл алған аудан әкімі А.Абдинов: «Ел мүддесіне қызмет еткен арда азаматтарды еске алып, есімдері мен еңбектерін ұмыт қалдырмау біздің басты парыздарымыздың бірі. Кеңесбек ақсақалды еске алуға арналған

додамыз еліміздің ең маңызды мейрамдарының бірімен тұспа тұс келіп тұр. Бұл – Мемлекеттік рәміздер күні», – дей келе, жиналғандарды мейраммен құттықтап, ақжарма тілегін арнады.

Шараның басты демеушісі Б.Оспанов әкесінің құрметіне түңлігін түрген турнирге келген спортшыларға алғыс білдіріп,

рахметін жеткізді. Бір айта кетерлігі, ашылу салтанатына еліміздің батыр спортшылары Қанат Ислам, Айдос Ербосынұлы, Садррадин Ахмедов, Мейірім Нұрсұлтанов, Руслан Мирсатаев, Нұрсұлтан Аманжолов, жуырда ғана Ташкент төрінде өткен әлем чемпионатында топ жарған Нұрбек Оралбай, Санжар Ташкенбай мен қатысушы болған Айбек Оралбай, қазақстандық файтер, аралас жекпе жек шебері Қайрат Ахметов, Қытай атынан шығып жүрген қандасымыз, UFC жауынгері Ораз мырзалар қатысты.

Құрметті меймандар ішінен Ташкентте алтыннан алқа тағынған Нұрбек Оралбай мен Санжар Ташкенбай өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Ақсақалдардың ақ батасынан кейін футбол мен волейбол ойындары бастау алды.

А.ХАНЗАДА.

Рәміздер – елдің айшықты белгісі

Рәміздер – елдің тәуелсіздігін, еркіндігін, жеке мемлекет ретінде көрсететін айшықты белгілер. Елдің туы, елтаңбасы, гимні оның бет бейнесі, айнасы іспеттес. Бүтін бір елді біріктіретін, бір мақсатқа жұмыс істеуге жұмылдыратын нәрсе бұл – рәміздер.

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі. Мұның тарихы алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Яғни бұл бізде көк түріктердің көк пен жердің арасында дүркіреп тұрған шағынан бері жалғасып келе жатқан нәрсе. «Бөрілі менің байрағым» деп жырлаған бабаларымыздың сөзі де содан қалғаны анық. Ұлттық код дегеніміз осы.

Мемлекеттік рәміздердің орналасуына қатысты бірнеше нақты шарт бар екенін айта кету керек. Мәселен мемлекеттік мекемелердің кіреберісінде орналасатын мемлекеттік туға түнгі уақытта да жарық түсіп тұруы шарт. Сондай-ақ суретте ту үнемі оң жаққа қарай желбіреп тұруы тиіс. Мекеме басшыларының жұмыс бөлмесінде орналасатын мемлекеттік ту мен мемлекеттік елтаңбаның орналасу реті арнайы талаптарға сәйкес болуы керек.

2020 жылдың қазан айында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік рәміздерді пайдалану туралы заңнаманы қайта қарау қажеттігін мәлімдеген болатын. Осыдан кейін туды балконға ілуге ресми рұқсат берілді. Бірақ тек патриоттық сезім мен қазақы болмысты таныту үшін, Қазақстан мен ел азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында ілуге мүмкіндік берілді. Осылайша мемлекеттік рәміздерді халықтың жаппай қолдануына қатысты бұрын қабылданған

Мемлекеттік рәміздер күні



шектеулерді азайту, ел азаматтарының мемлекеттік туды өз тұрғын үйлерінің балкондарына немесе қабырғасына ілуіне заңнамалық тұрғыдан рұқсат беру қажеттігі жөнінде тапсырма берген болатын. Қазіргі таңда қазақстандықтар өзі тұратын үйдің балконына, терезесіне немесе көлігіне көк байрағымызды желбіретіп алады. Алайда мемлекеттік рәміз таза болуы, оның дұрыс ілінуі және заңнамада белгіленген стандарттарға сәйкес рәміздерді орналастыруы тиіс.

Еліміздің мемлекеттік рәміздерінің суреттері қазақстандықтардың негізгі құжаттары, атап айтқанда, төлқұжат, жеке куәлік, туу туралы куәлік, диплом, аттестатта берілген.

Сонымен бірге мемлекеттік туды өзге елге саяхат жасаған қазақстандықтар өздерімен бірге алып кетеді. Туды және көбіне оның кішкентай көшірмелерін жанкүйерлер мен саяхатшылар барлық сапарға өздерімен бірге алып жүреді. Бұл да азаматтардың патриоттық сезімін нығайтуға ерекше әсер етеді.

Жалпы мемлекеттік рәміздер – елдіктің символы, тәуелсіздігіміздің маңызды белгісі. Сол себепті оны кеңінен қолдану, қадірлеу, оның мән-мазмұнын білу қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жағынан алғанда да өте өзекті. Мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтау тек 4 маусымда ғана емес, жыл он екі ай бойына жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

А.ӘБИТҰЛЫ.

қындап тұр. Рәміздеріміздің мазмұнды нышандары арқылы ұлтымыздың әлем алдындағы бейнесі қалыптаспақ.

Ұлттық құндылықтарымызға деген құрмет – азаматтардың өз еліне деген отансүйгіштігінің, болашаққа деген сенім мен сүйіспеншілік сезімдерінің өлшемі. Себебі, Ту, Елтаңба және Гимн өз мемлекеттілігін ғасырлар бойы аңсаған азат елдің орындалған арманының бейнесі. Біз рәміздерімізді қадірлеу арқылы өскелең ұрпаққа егеменді елдің еңсесін биік ұстауға тәрбиелейміз, елжандылықты қалыптастырамыз.

Тәуелсіздігімізді алғанымыздан бері еліміз өз алдына жеке мемлекет

Ұлттық болмыс

Еліміздің ұлттық болмысын, дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытатын ол – мемлекеттік рәміздер. Рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін белгі.

Қазақстанның тұңғыш рәміздері 1992 жылы қабылданды. Ал «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда бекітілген еді. Осы заңға сәйкес ұлттық құндылығымыздың символы рәміздер күні жыл сайын мерекеленеді. Санамызға тәуелсіздік идеясын орнықтырып, патриотизмді қалыптастыруда, ұлттық бірлікті нығайтуда ерекше мәнге ие Мемлекеттік рәміздерімізге биыл 31 жыл.

Біздің сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертер тағылымды тарихымыздың шынайы көрінісі болып табылатын рәміздеріміз, яғни көк Туымыз, Елтаңбамыз бен Гимніміз кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды ай-

болуымен қатар, тұғыры биік Туымыз бен, елдің тарихы мен құндылығын күллі әлемге танытар Елтаңбамызбен және ұлттың рухын көтеретін Мемлекеттік Гимнімізбен айбынды ел бола білдік. Бүгінде көк байрағымыз БҰҰ, ЕҚЫҰ сияқты халықаралық беделді ұйымдарда желбіреп, дүниежүзілік олимпиадалық ойындарда қазақстандық спортшылар жеңіске жеткен кезде Туымыз көтеріліп, Гимніміз шырқалады. Алдағы уақытта да ұлттық болмысымыз өзге елдердің төрінде биіктен көріне берсін деген тілектеміз.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болып, өз ұлтымызды ардақтап, құрметтейік. Бірлігіміз жарасқан, ырыс-ынтымағы тасыған ұлт, жарқын болашаққа нақ қадам жасайтын ел болайық. Өрдайым жұртымыз тыныш, халқымыз аман, рәміздеріміздің мәртебесі биік болсын.

А.БАЗАРБЕКОВ,
Сапақ орта мектебі
директорының
орынбасары.



дердің қорыта алған ақыл-сана-сын дайын күйінде бойларыңызға сіңіріп, оны жетілдіруге барынша тырысу керексіздер. Себебі, жаһандық бәсекелестік бір орнында тұрақтап қалмайды. Күніне қырық құбылатын бәсекелестік тенденциясынан қалыс қалмау

зақстанды» құруға бір кісідей атсалыса аламыз.

«Жаңа Қазақстан» деген сөздің астарына бір үңіліңізші. Нендей маңына, не тәмсіл түсінесіз. Бұл жерде биліктегілерді алмастырып, өзгере қаламыз деген дүние жоқ. «Жаңа Қазақстан-

Жаңа Қазақстанды құрудағы жастардың рөлі

XXI ғасыр – жаңа мүмкіндіктер мен тың идеялар тоғысқан, еліміздің ғана емес әр азаматтың даму прогрестеріне өзгерістер енген уақыт екені анық. Яғни, сіздер мен біздер үшін беріліп отырған мүмкіндікті мен артықшылықтар – жеке тұлға ретінде қалыптасуға аса зор серпін сыйлауда.

Қазір, қылышпен қырып, шоқпармен шауап алатын заман тарих қойнауына сіңіп жоқ болды. Оның орнына, білімнің салтанат құрған дидарлы дәуірі алмасты. Бұл ретте, болашақ кілтін уыстарында ұстаған жалынды жастарға беріліп отырған жаңаша мүмкіндіктер мен жеңілдіктер жайлы сөз қозғамасқа болмайды.

Жастар – ақпарат толқыны кемеріне жеткен, кеңдігі көктен келетін уақытпен құрдас болып отыр. Кейінгі толқынның алдыңғы аға буыннан білім, ғылым жағынан озық болуы ғұмыр заңдылығы. Демек, сіздер үлкен-

мақсатында алакәлдік жастар да өзіндік үлесін қосуы абзал. Әлемдік сахнада «Қазақстандық жастар» деген брендті қалыптастыруда сіздердің де қолтаңбаларыңыз болғаны құба құп дүние екендігін білесіздер.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген тәмсіл бар. Яғни, ең алдымен жастардың біліміне емес, тәлім-тәрбиесіне назар аударған ұлттың көші ілгері болмақ. Бұл ретте, замана сынынан сүрінбей, бүлінбей өткен «Ұлттық тәрбиенің» салмағы ауыр. Біз генетикалық жадымызды сақтай отырып, сонау сақ дәуірінен созылған салтымызды, ғұндардан қалған ғұрпымызды ұмыт қалдырмауымыз керек. Ол үшін алдарыңыздағы ата-әжелердің кенді әңгімесін, қазыналы ақылын тыңдай отырып, өз дәуірлеріңізге лайықтауға өрелеріңіз толықтай қаунарлы болуы қажет.

Сонда ғана, өткеннің өнегелі тұстарын алып, тозығын тоқырау күндерінде қалдырып, «Жаңа Қа-

ды» құру сіздің ішкі түйсігіңізді жаңаша бағытқа бұрудан бастау алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде елдің кемел келешегіне тікелей жауапты төрдегі төрелер, биліктегі бай-манаптар емес, жалыны бойынан ытқып тұрған жастар екендігін бірнеше қайталап айтқан болатын. Себебі, сіздер елдің прогресивті дамуын локоматив секілді алдыға сүйрер бірден-бір толқын өкілдерісіздер.

Елдің ертеңі сіздердің бүгін алар тәрбиелеріңіз бен білімдеріңізге тікелей сабақтасып жатыр. Сондықтан, еріншектік пен еркелікті ысырып қойып, жастық жалындарыңыздың қуаты шарпып тұрған сәтте барлық мүмкіндіктерді пайдаланған жөн.

Баянды болашақты бірге қалайық, кемел келешекке бірге қаддам басайық!

Еркежан ЕСЕНБЕКОВА,
Үшарал қазақ гимназиясының ұстазы.



Балаларға базарлық

1 маусым – Халықаралық балалар күніне орай аудандық орталық аурухана тарапынан түрлі шаралар қолға алынды. Себебі, бала – болашақ кепілі, кемел келешекті қалыптастырар толқын өкілдері.

Осы ретте атаулы мереке күні аудандық орталық аурухана мен Қабанбай ауылдық ауруханасында ашық есік күні ұйымдастырылды. Қажетті мамандар балалардың денсаулығын қадағалап, олардың ауру-сырқаудан аман болулары үшін тиісті тексерулерін жүргізді.

Сонымен қатар, «Сау аяқтар» акциясы тұғырын көтеріп, майтабандылықтың алдын алу үшін балалармен түрлі ойындар ойнатылып, арнайы сыйлықтар да табысталды.

Шара барысында «Баланың сөзімен» челленджі, «Мен бақытты баламын» сурет салу сайысы да кезегімен өтті.

Айта кетерлігі, аудандық орталық аурухана директоры А.Бутабаев ем қабылдап жатқан балаларға сый-сияпаттар таратып, құттықтау тілегін жеткізді.

Аудандық орталық аурухананың баспасөз қызметі.



Халал кафе ашылды

Құбыласынан жаңылмаған қазақ халқының сонау сақ-ғұн дәуірінен тартатын дәстүр-ғұрыптары тікелей Ислам дінімен сабақтасып жатыр. Сондықтан да дін мен дәстүрді бүгінде екіге жарып айту мүмкін емес.

Бір қуантарлығы тәсбінің тасындай намаз басында қатар тізілер, Хақтың жолын нақтың жолы деп білгендердің саны артып келеді. Оның айқын дәлелін дәл бүгін Үшарал шаһарында орын алған қуанышты жағдайдан көруге болады.

Осыдан біраз жылдар бұрын қала тұрғындарына сапалы қызметімен, дәмді асымен танымал болып, «Гурман» дәмханасын ашқан Айдас Жумадилов осы жолы тағы бір сауапты ісімен көпшілікті сүйсіндірді. Қала мешітінің дөп қасынан «Халал кафе» ашып, «Алаш» атын қойған.

Жаңа ас-ауқат орталығының ашылу салтанатында қала әкімі Мақсұт Омарұлы алғы сөз алып, бұл бастаманың берер пайдасы мен артықшылығы мол екендігін тілге тиек етті. Жиналғандарды құттықтап, өзінің жүрежарды тілегін ақтарды.

Артынша Айдос мырзаның әке-шешесі сөз алып, перзенттерінің пендешілікке салынбай, кісілік танытып, көпшілік үшін жасап жатқан ісіне ақ баталарын берді. Құрсағы асыл халықтың ұрпағы да асыл келетіндігін осыдан байқауға болады. Әр әкіміне өнеге тұнған өз әжеміз бен, ие-

гіндегі сақалының, иығындағы шапанының салмағына қарамастан қауымның ортасына келген ақсақалдың берген тәрбиесіне оңынан болғаны көрініп-ақ тұр.

Ауданның бас имамы Әнет Омарханұлы суапты істе санаспай, адаспай, адалдық танытқан Айдосқа алғыс жаудырып, Алланың шапағаты молынан бұйырсын деген ниетін жеткізді.

«Алаш» халал дәмханасы таңғы сегізден түнгі онға дейін қызмет етеді. Жаңа кәсіптің арқасында 10-ға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Кафе бір уақытта 40-қа жуық адамға қызмет көрсетуге қуатты. Бұнда қазақ және Еуропалық асхананың тағамдарынан дәм тата аласыздар. ҚМДБ-ға сұраныс жіберілген, жуырда «Халал» сертификаты да қолға тимек.

Ең бір айта кетерлігі, аталған дәмханадан ас ішу арқылы сіз де, біз де қайырымдылыққа үлес қоса аламыз. Себебі, көрсетілер қызмет үшін төлеген 10 пайыз қаражат тікелей қайырымдылық акцияларына бағытталады. Яғни, орталық мешітке беріліп, аудан имамдары жағдайы төмен, көмекке мұқтаж жандарға демдесетін болады. Міне жомарттық, халықтың ұлы болуы.

Қазақы нақышта өрнектеліп, жанға жайлы безендендірілген халал дәмхананың қонағы болуға шақырамыз.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Ұлттық ыдыс-аяқтар

Музей – табиғат пен адам қолымен жасалған өнер туындыларын және көне заман ескерткіштерін, үлгі нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме. Музей ата-бабалар мұрасын сақтауда, зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқарады.

«Ыдысын көріп – асын іш, шешесін көріп – қызын ал» деген қазақ қағидасында өте зор пәлсапалық, тәрбиелілік және әлеуметтік терең ой жатыр. Демек, ұлт тұрмысы өмір салтында ас сақталатын ыдыс-аяқтарға да ерекше көңіл бөлінген. Қазақ халқы адыс-аяқтарды ағаштан, теріден, қыштан, жүннен, киізден және шұғадан жасаған. Біздің халық тұрмысында ыдыстардың ағаштан жасалған түрлері кеңінен пайдаланылған. Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің қорынан ағаштан жасалған көптеген бұйымдарды көруге болады.

Ожау. Қымыз, айран, сүт, сусын құюға қолданылатын ыдыс. Шұңғыл бөліктен және қолға ұстауға ыңғайлы саптан тұрады.

Бүйрек ожау. Шөміші қосарланып, бүйрек тәрізді жасалған сабы ұзын қымызға арналған ожау түрі. Онымен тегештегі қымызды сапырып, тостағанға құяды. Бүтін ағаштан шабылып, қашалып, тегістеліп жасалған. Сабы ұзын. Ортасында ромб пішінді темір қағылған. Ожаудың сабында іліп қоюға арналған қайыстан жасалған бауы бар.

Саптыаяқ – қымыз, шұбат құятын қазақтың ұлттық ыдысы. Кішілеу келген, шұңғыл ағаш ыдыс. Бүтін ағаштан, қайың безінен ойып, шауып жасалған. Іші – сырты тегіс, түбі жалпақ. Ернеуі қабырғасынан қалыңдау етіп жасалған.

Астау – ағаштан жасалатын үлкен ыдыстың және шаруашылыққа қолданылатын ұзынша келген бұйымның атауы. Тұтас ағаштан ойылып жасалатын астау дастарқанға ет салатын негізгі үлкен ыдыс-

тың бірі. Астаудың түбі жалпақ, шеттері көтеріңкі, екі жағы құлақ тәріздес ұстауға ыңғайлы етіп жасалған.

Қасық – тамақ ішуге арналған құрал. Тұтас ағаштан ойып жасалған. Сабы төртбұрыш, басы домалақ пішінді. Қасық боялған, сабына өрнек түскен.

Музей қызметкерлері ата-бабаларымыздың мол мұрасын сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру үшін үлкен еңбек сіңіруде. Олар музей қорларында сақталатын әр затқа ұқыптылықпен қарап, сақтау, қорғау тәртіптерін бұлжытпай орындап



отырады. Өзінің алғашқы қалпын жойып, түрлі өзгерістерге ұшыраған бұйымдарға реставрация жұмыстарын жүргізеді. Өте құнды, яғни, бірегей бұйымдардың көшірмелерін жасайды. Қорлар құрамындағы бұйымдарды келушілердің назарына ұсынып, түрлі көрмелер ұйымдастырады. Бұл, өрине, үлкен жауаптылықты талап ететін, қиын әрі маңызды жұмыс. Осындай музейлер саны көбейе берсе екен деп тілейміз.

А.ДИХАНБАЕВА,
Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі.

Беззат өмір

70

жас



ды. Гүлстанның жұбайы Сәдуақас Рысбеков құдайына қараған адам болып шығады. Күлістан Үшаралдағы артельде тігінші, Сәдуақас күзетші болып жұмысқа орналасқан. Сонымен Шәкен және Босар апа, Қайыпберген, Сәдуақастың анасы Әни апа барлығы үлкен бір отбасы болып бірге тұрады. Сәдуақас бос уақытында балық пен аң аулап, топты жанға еш қиындық көрсетпей асырайды. Сол 1930-шы жылдары Гүлстан Қайыпбергенді күйеуінің тегіне ауыстырып алды. Ол кезде Қайыпберген 5 жаста болатын. Өйткені сол тұста Қытайда туысы бар адамдар қуғындалып, жұмыстан алынып, қатты қысым көретін. Қайыпбергеннің де, оның балаларының да кейінгі жылдарда қақты-соққы көрмей өсуіне, ержетуіне, өз талантымен елге қызмет етуіне осы қадамның да септігі тигені анық. Кейін Шөкейдің тоқалы Закария 1969 жылы арғы беттегі Алдоңғар ұрпақтарын бастап, елге оралады. Ал арғы бетке өткен Барғана ұрпақтары әкесінің тегін сақтап қалады.

Осындай тағдыр талайы қызық, сан қиындықты көріп өскен әулеттің басына 1941 жылы басталған соғыстың да салқыны аз тимеді. Сәдуақас ата мен Қайыпберген соғысқа аттанып, ынтымағы ұйып отырған отбасының шырқын бұзды. Сәдуақас соғыстан оралмай, Гүлстан апа 32 жасында жесір қалды.

— Әкем Қайыпберген Кеңес армиясының қатарында 1952 жылға дейін болды. Ішкі істер халық әскерінің қатарында Украинаны азат етуге қатысып, минашы болды. Барлық әлемдік көшбасшылар жиналып, бейбітшілік туралы келіссөздер жүргізген Ялта конференциясында күзет қызметін атқарды. Сондықтан соғыс бітсе де оны ауылға қайтармады. Әкем өте қарапайым, тәрбиелі адам еді. Ақыры Гүлстан апа жоғары-төменге хат жазып, әскери комиссариатқа анасы, әпкесі және әкесінің анасы бар екенін айтып жүріп, әскерден қайтарғып алды, — дейді Баян Қайыпбергенқызы.

Әкесі елге келген соң аудандық комсомол комитеті оны бірден райкомға жұмысқа орналастырды. Алдымен нұсқаушы, содан кейін бөлім меңгерушісі болды. Сол жерде ауылдық мектеп бөлімінің меңгерушісі болып істейтін Жақсыбала Алдабергенқызымен үйленді. Жақсыбала 15 жасында жетім қалып, Өтеғұл ата мен Құрмаш апаның тәрбиесінде өнегелі болып бойжетіпті. Үйленген соң аудандық комсомол комитетінде жұмыс істей жүріп, Қайыпберген ҚазМУ-дің журналистика факультетін, Жақсыбала Абай атындағы ҚазПИ-нің тарих факультетін сырттай бітірді. Осыдан кейін Қайыпберген аудандық комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін аудандық газеттің жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, бас редакторы болды. Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазКСР және КСРО Журналистер одағының мүшесі, Үшарал қаласының Құрметті азаматы. Жақсыбала өмір бойы білім беру саласында жұмыс істеді. Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі, партия ұйымының хатшысы, ұйымдастыру меңгерушісі болды. Екеуі де аудан тұрғындары ортасында құрметке бөленді. Бір қыз, төрт ұл өсіріп, оларды тәрбиелеп ержеткізді.

— Ата-анамыз біздің жан-жақты дамыған адам болғанымызды қалады. Бізді әр түрлі үйірмелер мен секцияларға берді. Гүлстан апа үйде отырса да біз балабақшаға бардық. Бірінші сыныптан бастап сауықтыру және пионер лагерлеріне жіберіп тұрды. Мен, Қасен және Қанат музыка мектебінде оқыдық, фортепьяно сыныбын 7-сыныппен



бітірдім. 3-сыныпта маған фортепьяно сатып әперді, бұл ол кезде қымбат дүние еді. Қасен мен Қанат баян сыныбында оқыды. Оларға да аспап сатып әперді. Сондай-ақ Қанат пен Дәулет балалар спорт мектебінде оқып, кейін спортшы болып, Алматы қаласындағы дене шынықтыру институтына оқуға түсті. Қанат кейін ҚазМУ-дің тарих факультетін бітірді. Қасен фотосуретпен айналысты және бейнелеу студиясында жақсы сурет салды. «Жас техник» болды, баяннан басқа гитарада ойнады. Ол ҚазПИ-дің көркемграфика факультетін, Сейіт ҚазПИ-дің тарих факультетін бітірді. Қанат гитарада ойнады, мектепте вокалды-аспапты ансамбль құрып, музыка жазды, самбомен айналысты. Мен аудандық комсомол комитетінде жұмыс істей бастағанда, інілерімді басқа қалаларға пионер лагерлеріне жіберуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар олар туризм ретінде Мәскеу, Ленинградта болды. Қазір олардың отбасы, баласы, немересі бар. Келіндерім Бишат, Алмағұл, Гүлнұр, Қарлығаш ибалы, инабатты жандар болып кездесті. Шешемнің әкесі Алдаберген атамиз соғыста қайтыс болыпты. Өз өсиетінде: «Ұл бала болса менің тегімді беріңдер» деген екен. Сонымен інілерімнің және олардың балалары Алдабергеновтер болып жазылған, — дейді Баян Қайыпбергенқызы.

Баян Қайыпбергенқызы 1953 жылы 16 мамырда Талдықорған облысы, Алақөл ауданының Үшарал қаласында дүниеге келеді. Үшарал қаласының Ленин атындағы орта мектепті 1970 жылы бітірді. Орта мектепте жүргенде әкесі сияқты журналист болуға талпынды. Сол жылдары «Новая жизнь» газетінде, республикалық «Дружные ребята» газетінде, тіпті бүкілодақтық «Пионерская правда» газетінде мақалалары жариялана бастаған. Сондай-ақ мектеп қабырға газетінің редакциялық алқасында болып, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түсуді армандады. Бірақ арманы орындалмаса да, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық

институтына түсіп, оны 1974 жылы «орыс тілі және әдебиет» пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдады. Институтта Қазақстан бойынша бидайдың қатты сорттарын іріктеу және өсірумен айналысқан атақты академик Бараевтың қызы Светлана Бараеваның тәрбиесін көрді. Сонымен қатар оқу бағдарламасына кірмейтін түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Мәскеуге және Балтық жағалауына туристік комсомолдық жолдамамен барды, Шымбұлаққа тауға шығудың бастамашысы болды. Алақөл, Андреев, Сарқан аудандарында диалектикалық экспедициямен барып, материал жинап, ғылыми жұмыстар жазып, республикалық ғылыми студенттер конференциясына жіберілді. 2-курста Целиноград қаласына, ал 3-курста Семей қаласына экспедицияда болып, Қазақстан комсомолы ОК грамоталарымен марапатталды. Қаражатын үнемдеп құнды кітаптар жинаумен айналысты.

1984-1987 жылдары КОКП ОК жанындағы Алматы Жоғарғы партия мектебінде оқып, оны да нәтижелі аяқтады. Ал 1974-1975 жылдары Үшарал қаласындағы Н. Крупская атындағы орта мектепте орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп, өзінің білімі мен білігін шыңдады. Сол тұстары оның алдынан білім алған оқушылар бүгінде Талдықорған, Алматы және Қазақстанның басқа қалаларында, Ресей, Германия, Шешенстанда тұрады. Бәрі де білікті маман болып ержетті. Өлі де хабарласып тұрады. 1975 жылы мектеп жастары мен пионерлер мәселелері бойынша жетекшілік жүргізетін Қазақстанның ЛКЖО Алақөл аудандық комитетінің хатшысы, 1977 жылы Қазақстанның ЛКЖО Алақөл аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Енді өмірдің ең қызықты және тынымсыз шағы басталды. Пионерге қабылдау, мектеп оқушыларының комсомол, пионер слеттері, лагерьлер, жиындар оның күнделікті өміріне айналды. Аудан-

дық комсомол комитетінің хатшысы ғана емес, пионер ұйымының аудандық кеңесінің төрағасы ретінде де тынымсыз еңбекте-нуге тура келді. Нәтижесінде Бүкілодақтық пионер ұйымының 60 жылдығына орай «Пионерлермен белсенді жұмысы үшін» БЛКЖО ОК белгісімен марапатталды.

1983 жылы Алақөл аудандық партия комитетінің идеологиялық мәселелері жөнінде хатшы болып сайланды. КОКП таратылғанша 1991 жылдың тамыз айына дейін бұл қызметте 8 жыл жұмыс атқарды. Сол жылдардағы ең үлкен жетістігі — шегаралы өңірдегі мәдени шаралардың жандануы мен жауынгерлік даңқ мұражайларының ашылуына көп еңбек етті. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Талдықорған облыстық әкімдігінде кеңесші, аға референті, Талдықорған облысының Алматы облысына қосылуына байланысты Талдықорған қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, қалалық білім бөлімінің бастығы, Алматы облысы бойынша байланыс қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрайымы болып сан-салада қызмет атқарды. Сол тұстары Талдықорған қаласы, Алақөл ауданында, Талдықорған және Алматы облыстарында, ҚР кәсіподақтар Федерациясында, «Кәсіподақтардың дүниежүзілік Федерациясының» қоғамдық өміріне белсенді атсалысты. 15 жыл Алақөл аудандық кеңесінің халық депутаты, Алақөл ауданының комсомол, партия органдарының және бюросының мүшесі, Талдықорған облысы және Алақөл ауданының комсомол, партия конференцияларының делегаты, Қазақстанның ЛКЖО 13-14 съезінде, Қазақстанның байланыс қызметкерлерінің кәсіподағы мен Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясының делегаты, Қазақстан мұғалімдер съезінің 2 мәрте делегаты болып сайланды. 2007 жылдан бастап 2015 жылға дейін ҚРФК Бас Кеңесінің мүшесі, ҚР байланыс қызметкерлері кәсіподағының штаттан тыс орынбасары болып жұмыс атқарды.

Малайзиядағы Куала-Лумпур қаласында Орта Азия және Тынық мұхиты өңірлерінен халықаралық әйелдердің, Түркиядағы Стамбул қаласында байланысшылар мен «Тюркметалл» металлургия өнеркәсібі мамандарының халықаралық съезіне қатысып, мол тәжірибе жинады. Жапонияның Нагасаки және Хиросима қалалары оқиғаларының 45 жылдығына арналған «ЮНИ» дүниежүзілік кәсіподағының халықаралық форумына қатысты. Бүгінде облыстағы және Талдықорған қаласындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келеді.

Еңбегінің нәтижесін де көрді. Алғаш мектепте ұстаз болып жұмыс бастағаннан бүгінге дейін көптеген марапаттың иегері атанды. Мемлекет басшылары мен түрлі министрліктің Алғыс хаты мен Құрмет грамоталарын, «Еңбек ардагері», «Кәсіподақ ардагері» қатарлы медальдардың иегері әрі «Қазақ КСР-інің Үздік ағартушысы» және Алақөл ауданының Құрметті азаматы.

Жоғарыда жазылғандар Баян Рысбекованың өмірінің қадау-қадау тұстары ғана. Бірақ тұтас өмірін елінің өркендеуі мен өңірдің дамуына арнаған жанның әр жетістігі ескерусіз қалмайтыны анық. Жылдар жылжып, уақыт өткен сайын оның құны артып, бағасы да қымбаттай бермек.

Қажет АНДАС,
облыстық «Жетісу».

1 ИЮНЯ

Международный день
защиты детей



Учащиеся центра детского творчества представили песню «Әрқашан күн сөнбесін», а Хажыбек Даяна продолжила выступление. Әліпбек Дилнара выступила с песенным номером «Анашым қартаймашы», после которых воспитанники ЦДТ с вокальным номером «Айналайын» продолжили радовать зрителей.

Яркий праздник для детей



Насыщенная праздничная программа «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!», подготовленная районными отделами: внутренней политики, культуры и развития языков, образования, акиматом города, превратилась в яркий и запоминающийся праздник для детей всех возрастов. Парк «Астана» наполнился громкой музыкой, веселым смехом малышей, и стал на полдня площадкой для концерта, выставочным павильоном для детских рисунков и ареной для спортивных игр.

Родители, школьники, воспитанники детских садов, учителя и воспитатели сегодня пришли на праздник. Разноцветные шары, яркие флажки, украшенная сцена, маленькие певцы и танцоры – все это было пронизано солнцем, теплом и радостью. Заместитель акима района М. Толеужанов поздравил всех собравшихся со светлым, красивым международным праздником. Пожелал ребятам счастливого детства, мира и добра.

Дальше праздник продолжился концертной программой. Первой прозвучала песня Толеужана Гумарова «Жетісу жұлдыздары» в исполнении учащихся кружка песенного творчества. Окан Бейбарыс представил зрителям в своем исполнении песню «Қазақстаным». Эффектный современный танец - флешмоб «Спорттық биі» продемонстрировали танцоры из Центра детского творчества.

Далее ведущие мероприятия А. Абдрашитқызы, К. Дочупайло, и Н. Айдарханулы пригласили зрителей принять участие в спортивной программе «Веселые старты» и конкурсе рисунков на асфальте «Бакытты балалық шақ».

Продолжилось празднество выступлением танцевальной группы «Шашбуалым» из ЦДТ с танцем «Аңшы қыздар».

Ежегодно в первый день лета во всем мире проводятся многочисленные торжественные мероприятия, посвященные международному дню защиты детей, который отмечается в Республике Казахстан с 1950 года. Дети - будущее нашей Родины. Очень хочется чтобы они были счастливы и радовались жизни. Сегодня все будут петь, танцевать и веселиться.

На сцене своими талантами радовали зрителей юные таланты – танцевальный номер учащихся «Шашу биі» из СШ №2, Еркінқызы Шұғыла с песней «Тұған жер», Түрік биі под руководством Салтанат Қанатқызы из СШ. им. М. Мыңбайұлы и песней «Отаным» учащейся Төкен Ақмарал, Есімұлы Сұлтан - учащийся Ушаральской казахской гимназии представил вокальный номер «Қазақ елім байтағым», танцевальный номер «Қазақ биі» подготовленный группой «Нұр шашу» из Ушаральской казахской гимназии.

Выступление юного вокалиста Адлет Ералы с патриотичной песней «Мен қазақпын», танцевальной группой «Түймедақ» из СШ им. Абая и многих других юных артистов еще раз подтверждает - наши дети очень талантливы, мы любим их!

Богатую фантазию показали юные художники в своих рисунках на асфальте на тему «Бақытты балалық шақ». За лучшие работы были награждены учащиеся средних школ города.

Школьники приняли участие в спор-



тивной программе «Веселые старты», где сильнейшие перетягивали канат, смекалка, быстрота и ловкость проверялась в эстафетных играх, а также в этот день проходили спортивные игры собравшие несколько команд.

А маленькие воспитанники с большим удовольствием резвились на уютных площадках, оборудованной детскими горками, различными качелями и аттракционами.

Организованный праздничный отдых для детей района стал символическим началом летних каникул - таких желанных, многообещающих, и несомненно, полезных и плодотворных. Яркое солнце, звонкий смех, сладости, игрушки и музыка, сопровождавшие праздничное торжество 1 июня, надолго запомнятся детям.

Ш. ИМАНАСОВА.



«Мерейлі отбасы» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер.

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі - конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі - зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

- 1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;
 - 2) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
 - 3) отбасылық құндылықтарды, кәмілетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәріптеу және кеңінен насихаттау;
 - 4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.
2. Конкурста отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша қатысады.
3. Конкурста қатысуға мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсене қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) отбасылар жіберіледі.
4. Мыналар:
- 1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;
 - 2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурста қатыса алмайды.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

5. Конкурсты ұйымдастырушылары Алақөл ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі болып табылады.

6. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын анықтау бойынша комиссия құрамы конкурсты өткізу форматын бекітеді.

